


ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ ӨНДІРІСІ

2021 ж. қаңтар-тамыз

551,4
МЛРД ТГ



111,6%
ФКИ

\$ 124,3 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 44%
отө 56%

\$1,7
МЛРД

НАРЫҚ


\$ 746,2 МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша 2021 ж. қаңтар-шілдедегі деректер

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ТАМЫЗДАҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 жылғы қаңтар-тамыздағы құрылыс материалдарының өндірісі

ҚР құрылыс материалдарының өндіріс көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 551,4 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңнен 40,4% жоғары (392,6 млрд.тг).

Өнімнің физикалық көлем индесі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 111,6% құрады. Өсу заттай көріністе төмендегі тауарлар бойынша байқалады: отқа төзімді бұйымдар (+84,8%); отқа төзімді емес керамикалық кірпіштер (+90,1%); портландцемент (+20,5%); қожмақта, минералды силикатты мақта және осыған ұқсас минералды мақта (+53,5%); құрылыс ерітінділері (+35,8%), гипс (+59,8%); ескерткіштерге, безендіруге және құрылысқа өңделген тас (+46,7%) және т.б.

Заттай көріністе тауар өндіру көлемінің төмендеуін көрсетті: керамикалық өндегіш кірпіш (-9,1%), цемент және бетоннан немесе жасанды тастан жасалған тақтайлар және осыған ұқсас бұйымдар (-10,4%), бетоннан жасалған құрылыс құрастырылымдары (-6,1%), тауарлы бетон (-8,8%).

Құрылыс материалдары өнімінің экспорты 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 14% өсті және 124,3 млн. АҚШ долл. құрады. Заттай көріністе экспорт көлемі 1 254,3 мың тоннаны құрап, 2% өсті, ал, өткен жылғы осы кезеңде 1 230,0 мың тонна деңгейінде болды. Негізгі экспорт елдер: Өзбекстан, Ресей және Қырғызстан.

Отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 23,7% өсіп, 746,2 млн. АҚШ долл. құрады.

Заттай көріністе тауарлар көлемі 2020 жылғы 7 аймен (1 676 мың тонна) салыстырғанда 37,9% өсіп, 2 311,4 мың тоннаны құрады.

Негізгі үздік импорттаушы елдер: Ресей, Қытай және Түркия.

2021 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР-да құрылыс материалдар нарығының көлемі 1 698 млн АҚШ долл. құрады, онда ОТӨ үлесі 56%, импорт өнім үлесі – 44% құрайды.

Құндық көріністе өндірістің ең жоғары көлемін ағымдағы жылғы 8 айда Нұр-Сұлтан (өндірістің жалпы көлемінде 13% өңір үлесімен) және Шымкент қ.к. (12%), сондай-ақ, Шығыс Қазақстан (12%) және Алматы облысы (11%) құрайды.